Практикалық тур қатысушыларына арналған нұсқаулық

Қазылар алқасынан қосымша нұсқаулар алмайынша эксперименттi **бастамаңыз**.

Жеке ақпаратты тек титулдық бетке **енгізіңіз**.

Жауап парағында есеп нөмірін (штатив нөмірін) **көрсетіңіз**.

Ерітінділердің дәмін татуға және қолмен ұстауға **қатаң тыйым салынады!**

Барлық нәтижелерді жауап парағына жазуды **ұмытпаңыз.** Жауап парағына (бөлек кітапша) **жазғандарыңыз ғана** тексеріледі. Черновик **тексерілмейді**. Нәтижелеріңізді черновиктен жауап парақтарыңызға көшіру үшін қосымша уақыт берілмейтінін **ескеріңіз**.

Ішкі жадтан немесе Интернеттен жүктеп алынған мәтіндік, графикалық және/немесе аудио форматта ақпаратты беруге қабілетті кез келген байланыс құралдарын (смартфондар, смарт сағаттар немесе кез келген басқа гаджеттер) пайдалануға **тыйым салынады**.

Олимпиаданың басқа қатысушыларымен турдың соңына дейін сөйлесуге **тыйым салынады**. Ешқандай материалдарды, соның ішінде кеңсе құралдарын басқа қатысушыларға **беруге болмайды**. Кез келген ақпаратты жеткізу үшін ымдау тілін **қолданбаңыз**.

Берілген уақыт біткен соң барлық тәжірибелеріңізді тоқтатып, жауап парағы кітапшасын кезекші мұғалімге **тапсырыңыз**. Жұмыс орныңызды ретке **келтіріңіз**.

Жауап парақтарыңызға анық және түсінікті етіп **жазыңыз**.

Тапсырманың мәтініне қатысты нақтылау сұрақтарын қоюға **құқығыңыз бар.**

Инструкция для участников практического тура

Не начинайте эксперимент до получения дополнительной инструкции от членов жюри.

Указывайте персональную информацию **только** на титульном листе.

Указывайте номер задачи (номер штатива) на листе ответов.

Категорически запрещается растворы пробовать на вкус и на ощупь!

Не забудьте перенести все свои результаты на лист ответов. Проверяться будет **только то, что вы напишите на листе ответов (**отдельный буклет). Черновики проверяться **не будут**. Учтите, что вам **не будет выделено** дополнительное время на перенос решений на бланки ответов.

Запрещается пользоваться любыми устройствами связи (смартфонами, смарт-часами или любыми другими гаджетами), способными предоставлять информацию в текстовом, графическом и/или аудио формате, из внутренней памяти или загруженную с интернета.

З**апрещается** общаться с другими участниками олимпиады до конца тура. Не передавайте никакие материалы, в том числе канцелярские товары. **Не используйте** язык жестов для передачи какой-либо информации.

По окончанию выделенного времени прекратите все свои эксперименты и сдайте буклетс бланком ответов дежурному учителю. **Приведите в порядок** свое рабочее место.

На листах ответов пишите **четко** и **разборчиво**.

Вы **имеете право** задать уточняющие вопросы по **формулировке** задания.

2024-2025 республикалық химия олимпиадасының облыстық кезеңі.
Практикалық кезең.
9- сынып

Жеті нөмірленген сынауықтарда бейорганикалық негіздер мен тұздардың ерітінділері бар. Сізге берілген ерітінділерді пайдаланып, қай сынауықта барий хлориді, марганец сульфаты, күйдіргіш натр, натрий карбонаты, мырыш нитраты, натрий сульфаты және магний хлориді ерітінділері бар екенін анықтаңыз.

1. Келесі белгілерді: **тұнбаның түзілуі -** $\downarrow_{түсі}$**, тұнбаның еруі және суда еритін комплекстің түзілуі -** $_{еритін}\downarrow$**, газдың бөлінуі -** ↑ қолдана отырып, теориялық матрицаны құрастырыңыз.
2. Тәжірибелерді орындаңыз және тәжірибе нәтижелерін байқалған құбылыстар үшін жоғарыда келтірілген белгілерді қолдана отырып, практикалық матрицаға енгізіңіз.
3. Қорытынды жасаңыз және әрбір сынауықтағы ерітіндіні анықтап, формуласын келтіріңіз.

Әрбір қосылыстың анықталу реакцияларының химиялық теңдеулерін (молекулалық және иондық түрде) жазыңыз. *Ескерту! Әрбір реакцияны бағалау кезінде әр қайталанатын иондық реакция ескеріледі.*

Айыппұл ұпайлары: Егер қатысушыға реагенттің немесе анықталатын ерітіндінің қосымша мөлшері қажет болса, оны қайта құю (сол нұсқадағы) әрбір жағдайда 2 ұпайдан, бірақ жалпы 8 ұпайдан аспайтын айыппұлмен жүзеге асырылады.

Областной этап республиканской химической олимпиады 2024-2025.
Практический тур.
9 класс

В семи пронумерованных пробирках находятся растворы неорганических оснований и солей. Используя только выданные Вам растворы, определите, в какой пробирке находится растворы хлорида бария, сульфата марганца, едкого натра, карбоната натрия, нитрата цинка, сульфата натрия и хлорид магния.

Составьте теоретическую матрицу, используя следующие обозначения: образование осадка - $\downarrow_{цвет}$, растворение осадка и образованиерастворимых комплексов - $_{р\text{-}р}\downarrow$, выделение газов - ↑.

1. Выполняйте эксперименты и результаты эксперимента занесите в практическую матрицу, используя те же обозначения для наблюдаемых эффектов.
2. Сделайте выводы и укажите содержимое каждое из пробирок, напишите формулы веществ.
3. Напишите уравнения всех химических реакций (в молекулярном и ионном виде), с помощью которых Вы определили каждое вещество. *Предупреждение! При оценке каждой реакции учитываются каждые повторяющиеся ионные реакции.*

Штрафные баллы: В случае, если участнику понадобится дополнительное количество реактива или анализируемого раствора, его долив (того же варианта) производится в каждом случае со штрафом 2 баллов, но не более 8 баллов в сумме.